

«Қостанай таңы» №63 (18272) 10 маусым 2015ж.

Ескерткіш ашылды

Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясының алаңында Шырақбек Қабылбаевтың ескерткіші ашылды. Салтанатты ашылу рәсіміне ҚР ІІМ өкілдері, Тәжікстанның құқық қорғау органы қызметкерлері мен академиясының ардагерлері қатысты.

Шырақбек Қабылбаев - мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР ішкі істер министрі, генерал-лейтенант (II рангілі ішкі қызмет генерал-лейтенанты), ІІМ еңбек сіңірген қызметкері. Ол бүкіл саналы ғұмырын құқық органдарында қызмет істеуге арнады. Ш.Қабылбаев ішкі істер органдары саласындағы мемлекеттік және кадрлық саясаты жетілдірудің тамаша үлгісін көрсетті.

Облыстық ішкі істер департаментінің басшысы Т.Мәткенов: «Шырақбек Қабылбайұлы ішкі істер органдары саласындағы кадрлық саясат жұмысын жақсартуда көп еңбек сіңірген кісі. Осы кісінің арқасында ҚР Ішкі істер министрлігінің жұмысы жаңа сатыға көтерілді. Оның басқару тәсілі темірдей тәртіппен қатар тәрбиелік бай мазмұнға ие болатын» - деді.

Салтанатты шара барысында генералдың туыстары академия басшысына алғыс айтып, марқұмның өзі тұтынған домбыра мен жазу үстеліне арналған жиынтықты тарту етті.

Ш. Аңсағанқызы

